



Автор: Калдыгожина Алима Сагынаевна

Пән: География

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Литосфера

Тақырып: Геологиялық жыл санау геохронологиялық кесте

Геологиялық жыл санау мен геохронологиялық кесте.	8.3.1.9 Геологиялық жыл санау мен геохронологиялық кестені талдап, жер қыртысының тіршіліктің дамуындағы ірі кезеңдері мен геологиялық оқиғаларды ажырата алады.
Геологиялық жыл санау мен геохронологиялық кесте.	Барлық оқушылардың қолынан келеді: Геологиялық жыл санау мен геохронологиялық кестені біледі. Көпшілік оқушылар қолынан келеді: Жер қыртысының және тіршіліктің дамуындағы ірі кезеңдер мен оларда жүрген геологиялық оқиғаларды ажыратады. Кейбір оқушылардың қолынан келеді: Геохронологиялық кестеге сипаттама беріп, талдайды.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Геологиялық жыл санау мен геохронологиялық кесте. (40мин)	Ұйымдастыру кезеңі: Жағымды психологиялық ахуал туғызу. Оқушылардың сабаққа қандай көңіл-күймен келгенін анықтау -Егер сіз сабаққа жақсы көңіл- күймен келсеңіз,оң қолыңызды көтеріңіз -Егер сіз адамның шыншылдығын бағаласаңыз, сол қолыңызды көтеріңіз -Егер сіз өз біліміңізге сенсеңіз, аяғыңызды қозғаңыз. -Егер сізге география пәні ұнаса, шапалақтаңыз. -Егер де сіз мемлекет болашағы біздің қолымызда деп сенсеңіз, от шашу жасаңыз. Фигуралар арқылы топқа бөлу. 1-топ Архей, протерозой 2-топ Палезой 3-топ Мезозой, кайнозой «Күлкі адамды жақындастырады» Бұл шындық. Олай болса бір-бірімізге қарап шын көңілмен күлімсірейік. Жақсы көңіл-күймен сабағымызды бастайық. Лоторея ойнатылады. Сабаққа белсене қатысып, сұраққа жауап берген оқушы лотореяны белгілеп отырады. Сабақ соңында сұраққа көп жауап берген оқушы ақшалай сертификат алады. «Геологиялық жыл санау геохронологиялық кесте» Крестік, нөлдік, үшбұрыш. Ғажайып шеңбер. Сөйлемді аяқта Кім жылдам. Өткенді қайталау: «Крестік-нөлдік-үшбұрыш» ойыны бойынша жұмыс /лоторея/. «Х» (крестіктер), «О» (нөлдіктер), «Д» (үшбұрыштар) ойыны арқылы. Әр топ өзінің белгісіндегі сұрақтарды таңдай отырып жауап береді. Дұрыс жауап берсе, өз белгілерін қояды. Ал жауап бере алмаса, басқа топ жауап беріпөз белгілерін қояға болады. Қай топтың белгісі көп жиналса және көп ұпай жинаса сол топ жеңіске жетеді. Крестиктер «Х» Нөлдіктер «О» Үшбұрыштар «Д» Крестиктер тобының сұрақтары: 10 –Адамзаттың пайда болуына дейінгі Жердің қалыптасу тарихы қандай кезеңдерден тұрады ? (геологиялыққа дейінгі, геологиялық кезең) 20- Тау жынысының абсолюттік жасын қалай анықтайды? (Тау жыныстарының құрамындағы радиоактивті элементтер мен олардың ыдырау өнімдерін оқып-үйрену арқылы) 30 – Шөгінді жыныстардың қабаттарын оқып-үйрену арқылы анықтау әдістерін атаңыз (Белгілі бір уақыт аралығында климаттың қандай болғанын, Жанартаудың атқылауы мен тау жыныстарының қатпарланған уақыты, Тау жыныстарының мұхит табанында немесе құрлықта түзілгенін) Нөлдіктер тобының сұрақтары: 10 –Тау жыныстарының жасын анықтау әдісі нешеге бөлінеді және оларды атаңыз (Абсолюттік, салыстырмалы) 20 –Тау жынысының салыстырмалы жасын қалай анықтайды? (Тау жыныстары қабаттарының бір-біріне қатысты орнын анықтау арқылы) 30 – Тау жыныстарының салыстырмалы жасын анықтау әдістерін атаңыз. (Литологиялық, стратегиялық, полеонтологиялық, тектоникалық) Үшбұрыштар тобының сұрақтары: 10 –Жер қыртысы шамамен неше жыл бұрын қалыптасқан? (3,5млрд.) 20-Тау жыныстарының абсолют жасын анықтау әдістерін атаңыз (радиологиялық, калий—аргон, радиокөміртектік) 30 – Геофизикалық әдіс дегеніміз не? (шөгінді жыныстардың қабаттарға бөлу, бір-бірімен салыстыру барысында табиғи радиоактивтілігі, серпінділігі, тұтқырлығы сияқты бірқатар физикалық сипаттарына негізделеді). Ауызша мадақтау. Суреттен не көріп тұрмыз? Сабақ тақырыбы қандай болмақ? -Оқудан күтілетін нәтижелерді белгілеу. Табыс критерийлері: -нақтылық; -белсенділік; -бірлескен жұмыс; -уақыт сақтау Интербелсенді тақтадан «Геологиялық жыл санау» тақырыбындағы бейне ролик және кестені көрсету. Тыңдау, көру, талқылау, арқылы сабақтың мақсатымен таныстыру. Белсенді әдіс. Ғажайып шеңбер /сыни тұрғыдан ойлауға сұрақтар/ /лоторея/ 1.Геологиялық жыл санау дегеніміз не? /Тау жыныстарының қалыптасу уақыты мен ретін көрсететін термин /. 2.Геохронологиялық кестеде нелер көрсетілген? /Геологиялық жыл санау геохронологиялық кесте арқылы жүргізіледі. Геохронологиялық кестеде Жер қыртысының түзілгеннен бергі уақыты мен қазіргі кезге дейінгі уақыт аралығына сай құрылғандықтан төменгі жағынан жоғары қарай оқылады / 3.Оның біздер үшін маңызы неде? /Жердің және жер қыртысының жасын, олардың даму кезеңіндегі ірі оқиғалардың уақытын анықтай білудің	
--	---	--